13.02.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:** Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау.Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салу.	Қимылды қозғалыс жаттығулар: « Бойды сергіту» Ән: « Бір бала»	«Үйдің есігін жабайық» Ойынның мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:** Дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату, әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру	**Ән айту: «** Паравоз» Ән тыңдау: Құрманғазы күйі «Адай»	Бірінші дыбыс, соңғы дыбыс Мақсаты: Есту қабілетін дамытып,дыбыстың дұрыс айтылуына көмектеседі. Шарты: 1-бала ду-у-у соза әндетеді,екінші бала қай дыбыстың созылғанын айтып беруі тиіс.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:** Дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату, әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру	Ән тыңдау: «Әке асқар тау» Би: « Шөжелерім»	Біз қайда бардық, не көрдік? Мақсаты: Буындап әндету ерекшеліктеріне үйрету. Шарты: Жетекші әнмен сұрақ қояды.Балалар әндете жауап береді. -Біз

			орманға бардық , не көрдік ? - Аю,қоян,түлкі,қасқыр .. т.б. -Біз циркке бардық , не көрдік?
14.02.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:** Музыкаға эмоцияналды жауап ояту.балаларды қосылып ән айтуға,ұзын дыбыстарды созып үйрету,ынталандыру**.**Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.	**Би: «**Қазақ қызы» Ән тыңдау: « Ақ баян»	Қайтала Мақсаты:Есту қабілетін, ынтасын тәрбиелеу. Шарты: Ырғақты жетекші шапалақпен ,немесе аспаппен соғады.Бала сол ырғақты қайталауы керек. Ырғақ әр-түрлі болуы мүмкін.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:** Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, Әнді таза, сөзін анық айтуға үйрету.Кеңістікті бағдарлап, еркін жүру. Балалардың есту және есте сақтау қабілеттерін дамыту.	**Музыкалық – қимылды жаттығу:** Жетекші балаларды **«Көңілді марш»** ырғағымен күтіп алады. Жаттықтырып денені, Жаттығуды бастаймыз. Бір-екі, бір-екі, Адымдап біз жүреміз,	Бізге келген қонақтар Мақсаты: Кейіпкердің мінезіне сай,әуенді ажырата білуге үйрету. Шарты: Алдын ала бір бала шымылдықтың артына барып,аңның немесе құстың бет пердесін киеді.Ал 3-4 бала аспаптарды алдына қойып, келген қонақтың мінезіне сай, аспапты соғады.Аю келсе- жуан дыбыстар, қоян келсе-секіртпелі дыбыстар,торғай келсе-жіңішке дыбыстарды соғу керек.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:** Музыкадағы бейнелердің дауысын тану, ажырата білу, қимыл-қозғалысын бейнелей білу қабілеттерін дамыту..Әнді көңілді, ширақ, ән ырғағын сақтай орындауға үйрету.	**Ән айту: «**Жеті қазына» Би: « Жұмыр қылыш»	Аспаптарды топтастыру Мақсаты: Аспаптарды тани,топтастыра білуге үйрету. Шарты: Ойыншықтар мен аспаптар үстел үстіне қойылады.Балалар үш топқа бөлінеді де, аспаптарды топтастырып қоюы керек.
15.02.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:** Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру, музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық е ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту.	Ән тыңдау: « Қоңыр қаз» Би: « Самұрық»	Ойыншықтың әуенін тап Мақсаты: Кейіпкердің бейнелі әуенінен тану. Есту сезіміндамыту. Шарты: Баланың алдына бірнеше ойыншықтар қойылады. Музыка әуенін тыңдау немесе фортепианодан тыңдау.Әннің мінезіне қарай,бала ойыншықты таңдап алады да,бала неліктен осы ойыншықты алғанын айтып беруі керек.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:** Музыканы есте сақтау сезіне білу,таныс	Ән айту: « Шопан ата»	Бірінші дыбыс, соңғы дыбыс Мақсаты: Есту қабілетін дамытып,дыбыстың дұрыс

	әнді тану,қабілеттерін дамыту. Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру	Би: «Көжектер» Ән тыңдау: « Киіз үй»	айтылуына көмектеседі. Шарты: 1-бала ду-у-у соза әндетеді,екінші бала қай дыбыстың созылғанын айтып беруі тиіс.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:** Музыкалық шығармаларды салыстыруда талғампаздыққа баулу.Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп, әңгімелей білуге, мимка түрінде көрсете алуға үйретеді.әртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру.	**Ән айту: «** Паравоз» Ән тыңдау: Құрманғазы күйі «Адай»	Жемістер мен көкөністер Мақсаты: Жемістерді көкөністерден ажыратуға үйрету.Музыка ауысымын сезінуге, түрлерін ажыратуға үйрету. Шарты: Музыка әуенінің ауысымына қарай жемістер мен көкөністердің бет пердесін киген балалар шеңбер бойымен билеп жүреді. Музыка әуені тоқтағанда жемістер, көкөністер болып екі топқа бөлініп тұра қалады.
16.2.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Музыкадағы дыбыс жоғарылығын,ырғақтың мәнерлігін түсініп ажырату.Әннің ырғағын сақтап үйрену.Музыкаға деген қызығушылықты арттыру.	Ән айту: « Доп» Би: « Павлин биі»	Құстың даусын тап Мақсаты: Музыкадағы жоғарғы және төменгі дыбыстарды ажырату, есту сезімін тәрбилеу. Шарты:Құстардың суреті балаларға үлестіріліп беріледі. Ку-ку деп құстар сияқты әндетеміз.Үлкен құстар- жуан әндетеді,кішкентай құстар -жіңішке дыбыста әндетеді
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету.Музыканы тыңдап,жанрын анықтауға дағдыландыру.	Музыкалық қимылды қозғалыс: « Оңға солға бір адым» Ән айту: «Қамқоршы әже»	Досыңа бер Мақсаты: Достыққа,шапшаңдылыққа баулу. Шарты: Шеңберде тұрған балалар шеңбер бойымен бір-біріне сылдырмақты береді.Музыка әуені тоқтағанда сылдырмақ қай баланың қолында қалса,сол бала ойыннан шығады.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен,күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін, динамикасын қабылдап сезінуге таныс шығармалар ырғағын сезінуге дағдыландыру.	Қимылды қозғалыс жаттығулар: « Бойды сергіту» Ән: « Бір бала»	Әуенді әрле Мақсаты:Әуенді тыңдай білуге үйрету.Ырғақтылық сезімін тәрбиелеу. Шарты: Балаларға таныс ән немесе вокалды әуен қойылады.Бала әуенді тыңдай отырып мінезін суреттеуі тиіс.Тыңдалатын ән жыл әр –түрлі тақырыпта болуы мүмкін.

17.02.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Музыкалық шығарманы тыңдап, қабылдауға, айырмашылықтарын ажыратуға дағдыландыру.Әуенге әсерлену,ырғақтық, динамикалық, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Ән тыңдау: Дәулеткерей күйі « Қосалқа» Ән айту: « Ортеке» Би: « Павлин»биі	Қақпан Мақсаты: Байқампаздылыққа,ептілікке баулу. Шарты: Балалар шеңбермен қол ұстаса «Қақпан» болып,музвка әуенімен жүреді. Ал аңдар осы шеңбер бойымен ішіне кіріп, сыртына шығып еркін билеп жүреді.Музыка аяқталғанда шеңбер жасап тұрған балалар отыра қалады. Шеңбер ішінде қалған бала айыбын ән орындап өтеуі тиіс.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді ,ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпындыру.	Ән айту: « Құралай» Ән тыңдау: «Шегірткенің биі»	Жемістер мен көкөністер Мақсаты: Жемістерді көкөністерден ажыратуға үйрету.Музыка ауысымын сезінуге, түрлерін ажыратуға үйрету. Шарты: Музыка әуенінің ауысымына қарай жемістер мен көкөністердің бет пердесін киген балалар шеңбер бойымен билеп жүреді. Музыка әуені тоқтағанда жемістер, көкөністер болып екі топқа бөлініп тұра қалады.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Музыкадағы дыбыс биіктігін ырғақты мәнерлілігін түсініп, ажыратуға үйрету.Дауысқа арналған жаттығулармен дайындалу.	Ән айту: « Құралай» Ән тыңдау: «Шегірткенің биі»	«Үйдің есігін жабайық» Ойынның мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.
20.02.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Музыкалық шығармаларды салыстыруда, талғампаздыққа баулу.Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп, әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету.	Ән айту: «Тұлпарым» Ән тыңдау: « Мен дәрігер боламын»	Көңілді музыканттар Мақсаты: Дыбыстарды дұрыс айту қабілеттерін жетілдіру. Шарты:Аспаптарды үнін әндете отырып, аспапты ұстау ,ойнау ерекшелігін көрсету керек.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Музыкалық аспапқа деген қызығушылығын арттыру.Әнді сергек, жігерлі	**Музыкалық – қимылды жаттығу:** Жетекші балаларды **«Көңілді**	Ән салған кім? Мақсаты: Ән салған баланы даусынан тану қабілетін байқау,есту қабілетін дамыту.

	орындауға талпындыру.	**марш»** ырғағымен күтіп алады. Жаттықтырып денені, Жаттығуды бастаймыз. Бір-екі, бір-екі, Адымдап біз жүреміз,	Шарты: Бір бала шымылдықтың артында тұрады,ал екінші бала ән орындайды. Шымылдықтың артындағы бала ән салған баланы даусынан танып,есімін атап беруі керек.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтылығын білу.Балалардың есте сақтау, есту қабілеттерін арттыру.	Би: «Өзбек биі» Ән айту: « Қошақаным» қайталау	Көңілді музыканттар Мақсаты: Дыбыстарды дұрыс айту қабілеттерін жетілдіру. Шарты:Аспаптарды үнін әндете отырып, аспапты ұстау ,ойнау ерекшелігін көрсету керек.
21.02.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Шығармашылық қабілеттерін арттыру.Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету.Ән айту,есту қабілеттерін ары қарай дамыту.Классикалық музыкаға қызығушылығын арттыру.	Қимылды қозғалыс жаттығулары: «Лентамен жаттығу» Ән айту: «Әнші болғым келеді»	Біз қайда бардық, не көрдік? Мақсаты: Буындап әндету ерекшеліктеріне үйрету. Шарты: Жетекші әнмен сұрақ қояды.Балалар әндете жауап береді. -Біз орманға бардық , не көрдік ? -Аю,қоян,түлкі,қасқыр .. т.б. -Біз циркке бардық , не көрдік?
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Вокалды және аспаптық музыкаға қызығушылығын арттыру.Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, әсерлі реңктерін ажыратуға баулу.	Ән айту: «Мен дәрігер боламын» Би: « Бипыл»	Көңілді музыканттар Мақсаты: Дыбыстарды дұрыс айту қабілеттерін жетілдіру. Шарты:Аспаптарды үнін әндете отырып, аспапты ұстау ,ойнау ерекшелігін көрсету керек.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу.Әуендік,динамикалық есту,ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту.	Ән айту: « Самға бұлбұл» Би: « Көбелектер»	«Үйдің есігін жабайық» Ойынның мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.
22.02.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Таныс шығармаларды кіріспесінен , үзіндісінен тануға ән мазмұнына сай биде, ойында мазмұнын жете түсінуге есту қабілеттерін дамытуға дағдыландыру.	Ән айту: « Шопан ата» Би: «Көжектер» Ән тыңдау: « Киіз үй»	Қақпан Мақсаты: Байқампаздылыққа,ептілікке баулу. Шарты: Балалар шеңбермен қол ұстаса «Қақпан» болып,музвка әуенімен жүреді. Ал аңдар осы шеңбер бойымен ішіне кіріп, сыртына шығып еркін билеп жүреді.Музыка аяқталғанда шеңбер жасап

			тұрған балалар отыра қалады. Шеңбер ішінде қалған бала айыбын ән орындап өтеуі тиіс.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілетін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жай басып жүруге,жүгіруге дағдыландыру.	Қимылды қозғалыс жаттығулары: «Допты қағу» Ән тыңдау: «По полям едет к нам»орыс әні	Аспаптарды топтастыру Мақсаты: Аспаптарды тани,топтастыра білуге үйрету. Шарты: Ойыншықтар мен аспаптар үстел үстіне қойылады.Балалар үш топқа бөлінеді де, аспаптарды топтастырып қоюы керек.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Ырғақты сезіне білуге, ән тыңдауға баулу, әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру.	**Ән тыңдау:** Б.Дәлденбай "Қоңыр аю қорбандап" қонжық жүрісін көрсетеді. Ән айту: «Құстар»	Бірінші дыбыс, соңғы дыбыс Мақсаты: Есту қабілетін дамытып,дыбыстың дұрыс айтылуына көмектеседі. Шарты: 1-бала ду-у-у соза әндетеді,екінші бала қай дыбыстың созылғанын айтып беруі тиіс.
23.02.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Әнді тыңдауға және әуенге жеңіл қозғалуға, шеңбер бойымен тұрумға, жүруге дағдыландыру.Дауыс жаттығуларымен дайындалу.	**Музыкалық – қимылды жаттығу:** Жетекші балаларды **«Көңілді марш»** ырғағымен күтіп алады. Жаттықтырып денені, Жаттығуды бастаймыз. Бір-екі, бір-екі, Адымдап біз жүреміз,	Досыңа бер Мақсаты: Достыққа,шапшаңдылыққа баулу. Шарты: Шеңберде тұрған балалар шеңбер бойымен бір-біріне сылдырмақты береді.Музыка әуені тоқтағанда сылдырмақ қай баланың қолында қалса,сол бала ойыннан шығады.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру.Әнді тыңдауға және жеңіл қозғалуға үйрету.	Қимылды қозғалыс жаттығулар: « Бойды сергіту» Ән: « Бір бала»	Көңілді музыканттар Мақсаты: Дыбыстарды дұрыс айту қабілеттерін жетілдіру. Шарты:Аспаптарды үнін әндете отырып, аспапты ұстау ,ойнау ерекшелігін көрсету керек.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Мызыканы тыңдата отырып ішкі сезімін ояту.Дыбыстарды бірте бірте көтеру, қимылдарды ілесе қайталау.	Ән айту: «Әнші блдғым келеді» Би: « Мадагаскар»	Көңілді музыканттар Мақсаты: Дыбыстарды дұрыс айту қабілеттерін жетілдіру. Шарты:Аспаптарды үнін әндете отырып, аспапты ұстау ,ойнау ерекшелігін көрсету керек.
24.02.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Тыңдау ынтасын тәрбиелеу, ширақ және	Ән айту: «Қарлығаш»	Ән салған кім? Мақсаты: Ән салған баланы даусынан тану

	сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсету, төмен және жоғарға дыбыстарды есту,сезіну.Музыкалық театр арқылы әндерді, би қимылдарын еркін орындауға үйрету.	Ән тыңдау: «Қоңыр қаз» Би : «Катюша»	қабілетін байқау,есту қабілетін дамыту. Шарты: Бір бала шымылдықтың артында тұрады,ал екінші бала ән орындайды. Шымылдықтың артындағы бала ән салған баланы даусынан танып,есімін атап беруі керек.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Музыканы сезініп әнге қосылып айтуды дағдыландыру.	**Музыкалық – қимылды жаттығу:** **«Құстар», «Құстар шоқиды»** (Т.Ломова) әуенін тыңдатып,құс сияқты ұшып жүруді көрсетеді. Балаларға зал бойымен ұшып жүріп,ырғақты қимылдар жасауды,отырып тұмсықпен шоқуды,айналуды,аяқ ұшымен алға- артқа,оңға- солға қимылдар жасауды үйретеді	Жемістер мен көкөністер Мақсаты: Жемістерді көкөністерден ажыратуға үйрету.Музыка ауысымын сезінуге, түрлерін ажыратуға үйрету. Көрнекіліктер: Жемістер мен көкөністердің бет пердесі. Шарты: Музыка әуенінің ауысымына қарай жемістер мен көкөністердің бет пердесін киген балалар шеңбер бойымен билеп жүреді. Музыка әуені тоқтағанда жемістер, көкөністер болып екі топқа бөлініп тұра қалады.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Әнді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету.	**Музыка тыңдау:** Бүгін біз сол билерден үзінді тыңдаймыз. "Вальс", "Полька", "Қамажай". Вальс - жұптасып үнемі айналуда өтетін би. Полька - жеңіл, аяқты тізеден көтере секіріп билейтін би түрі. Қамажай - ұлттық би. **Ән айту**: Б. Дәлденбай "Көңілді балалар әні".	Ойыншықтың әуенін тап Мақсаты: Кейіпкердің бейнелі әуенінен тану. Есту сезіміндамыту. Шарты: Баланың алдына бірнеше ойыншықтар қойылады. Музыка әуенін тыңдау немесе фортепианодан тыңдау.Әннің мінезіне қарай,бала ойыншықты таңдап алады да,бала неліктен осы ойыншықты алғанын айтып беруі керек.
27.02.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Әуенге эмоциялық үн қосуға, сюжетті – рөлді ойындарға белсене қатысуға, ырғақты ажырата білуге дағдыландыру.	Ән салу: «Ергеш ата» Дауыс жаттығуы:«Жаңбыр» Би:«Күзгі жапырақтар биі»	Құстың даусын тап Мақсаты: Музыкадағы жоғарғы және төменгі дыбыстарды ажырату, есту сезімін тәрбилеу. Шарты:Құстардың суреті балаларға үлестіріліп беріледі. Ку-ку деп құстар сияқты әндетеміз.Үлкен құстар- жуан

			әндетеді,кішкентай құстар -жіңішке дыбыста әндетеді
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Табиғи дауыспен ән айтуға, әнді бірег бастап, бірге аяқтауға, әуенге ілесе қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету.	Ән айту: «Балапан» Би: «Аралар» биі	Көңілді музыканттар Мақсаты: Дыбыстарды дұрыс айту қабілеттерін жетілдіру. Шарты:Аспаптарды үнін әндете отырып, аспапты ұстау ,ойнау ерекшелігін көрсету керек.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Түрлі музыкаға ден қойып тыңдауын дамыту,ынтасын тәрбиелеу. Балалардың есте сақтау, есту қабілеттерін дамыту.	Музыкалық қимылды қозғалыс: « Оңға солға бір адым» Ән айту: «Қамқоршы әже»	Қайтала Мақсаты:Есту қабілетін, ынтасын тәрбиелеу. Көрнекіліктер: Музыкалық аспаптар. Шарты: Ырғақты жетекші шапалақпен ,немесе аспаппен соғады.Бала сол ырғақты қайталауы керек. Ырғақ әр-түрлі болуы мүмкін.
28.02.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Музыка сипатына сай қимылдау іскерліктерін дамыту,әуенді ойын әрекеттерін сахналауға, хормен ән айтуға дағдыландыру.	Қимылды қозғалыс жаттығулары: «Аяқпен» Би: «Қолшатыр» Ән тыңдау: «Келіншек» күйі»	Музыкалық лото Мақсаты: Музыкалық дыбыстардың жоғары,төменділігін ажырату. Көрнекіліктер: Нота жолы, түрлі-түсті нота дөңгелекшелері, металлафон. Шарты: Бір бала металлафонда дыбыстарды соғады. Ал, балалар нота жолына естіген дыбыстар жуан болса, төменгі жолға,жіңішке дыбысты естісе, жоғарғы сызыққа қояды.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Музыканы тыңдап,сезініп шаттана білуге, қуана білуге баулу.. Көркем ойындық бейнелерге тән қимылды көрсете білуге баулу.	**Музыка тыңдау:** Бүгін біз сол билерден үзінді тыңдаймыз. "Вальс", "Полька", "Қамажай". Вальс - жұптасып үнемі айналуда өтетін би. Полька - жеңіл, аяқты тізеден көтере секіріп билейтін би түрі. Қамажай - ұлттық би. **Ән айту**: Б. Дәлденбай "Көңілді балалар әні".	Әуенді әрле Мақсаты:Әуенді тыңдай білуге үйрету.Ырғақтылық сезімін тәрбиелеу. Шарты: Балаларға таныс ән немесе вокалды әуен қойылады.Бала әуенді тыңдай отырып мінезін суреттеуі тиіс.Тыңдалатын ән жыл әр –түрлі тақырыпта болуы мүмкін.
	Ортаңғы «Балсая» тобы	**Музыкалық – қимылды**	Бізге келген қонақтар

	Мақсаты:Музыкаға деген қызығушылығын арттыр, ән айтуіскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.	**жаттығу:** Жетекші балаларды **«Көңілді марш»** ырғағымен күтіп алады. Жаттықтырып денені, Жаттығуды бастаймыз. Бір-екі, бір-екі, Адымдап біз жүреміз, Ән айту: «Шағала»	Мақсаты: Кейіпкердің мінезіне сай,әуенді ажырата білуге үйрету. Көрнекіліктер: Аңның, құстың,қоянның бет пердесі. Шарты: Алдын ала бір бала шымылдықтың артына барып,аңның немесе құстың бет пердесін киеді.Ал 3-4 бала аспаптарды алдына қойып, келген қонақтың мінезіне сай, аспапты соғады.Аю келсе- жуан дыбыстар, қоян келсе-секіртпелі дыбыстар,торғай келсе-жіңішке дыбыстарды соғу керек.

Наурыз айы

Апта күндері	**Топтың аты, оқу-Іс-әрекетінің мақсаты**	**Музыкалық – қимылды жаттығу, тыңдау, дауыс жаттығуы, ән айту**	**Музыкалық - дидактикалық ойын**
1.03.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:** музыканы тыңдауға әннің мағынасын түсінуге қалыптастыру Жетекшінің дауыс ырғағына еліктеу	Ән айту: «Ертегілер» Дауыс жаттығуы: «Домбыра үні» Музыкалық ырғақты қимыл: «Домбыра» биі	**Әуенді - қимылды би**: "Робот".Балалар робот имылдарын көрсетеді, Әуен тоқтағанда өз кемелеріне отырып үлгерулері тиіс
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:** музыканы тыңдауға әннің мағынасын түсінуге қалыптастыру Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту	**Ән айту: «**Әже» Дауыс жаттығуы: « жаңбыр»	**Жоғарғы және төменгі дыбысты тап** Әрбір карточкамен жеке жұмыс. Ре (төмен дыбысты естігінде карточкадағы дөңгелекті жабу.) Ля(жоғарғы дыбыс) жану баласын көрсету керек.
	Ортаңғы «Балсая» тобы Мақсаты Әнді айта отырып түстерді ажырата білуге үйрету Есту қабілетін дамыту	**Ән айту:** «Ботақан» Дауыс жаттығулары: « Жаңбыр»	«Музыкалық үйшік» Музыка жетекшісі балаларға үйшікті көрсетеді. Ол үйшіктің ішінде әртүрлі аспаптарда ойнайтын, көңілді музыканттардың тұратынын айтады. Егер мұқият тыңдасақ, олардың әрқайсысының қандай музыкалық аспаптарда ойнайтынын білетін боламыз. Музыка жетекшісі балаларға таныс әнді әртүрлі музыкалық аспаптарда ойнап айтып береді.
2.03.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:** Көңілді әнді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Ән айтуға қызығушылықты дамыту ,музыкалық есту	**Би: «**7 лақ» ертегісінен үзінді биі Ән тыңдау: «Сағындым әже»	**«Үй жануарлары мен төлдері»Мақсаты:** Балаларды үй жануарларымен таныстыру, төлдерін

	қабілеттерін арттыру,		айыра білуге үйрету.**Ойынның шарты:**Үй жануарларының төлдерін айыра білу
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:** әннің мағынасын түсінуді қалыптастыру.Әннің сөздері мен жеке буындарын айтып үйренуді қимылмен үйлестіру.	**Би: «** Қамажай» Ән тыңдау: «Ананың жүрегі»	**«Қасқыр мен көжек»** Музыканы тыңдай отырып, әр аңдарға тән музыканы ажырата білу. Жеңіл, көңілді көжектер қаһарлы да ашулы қасқыр музыкасы естілісімен қашуға дайын болу.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Баяу және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету әуендердің бейнелік сипатын түсіну	**Би: «**Моряктар биі» Ән тыңдау: «Анашым»	«Ән салған кім?» Балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді. Шет жақта, балаларға сыртын беріп отырған бала, ән салған баланың дауысын тануы керек. Отырған бала ән салған баланы дауысынан таныса, олар орын ауыстырады. (тембрді айыру үшін арналған ойын)
3.03.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.	**Ән айту: «**Анашым қартаймашы» Қимылды жаттығу: «Сапқа тұр»	«Қос дабыл» (Дыбыстың биіктігін айыру үшін арналған ойын) Гүрілдей кеп қағылды, Танып тұрмыз дабылды. Там – та – ра – там. Там – та – ра – там.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:** Музыка тыңдауға қызығушылығын арттыру. Би қимылдарында жұптаса билеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру	**Ән айту:** «Әжетайым» Қимылды жаттығу: «Сергіткіш»	«До – ре – ми» Музыкалық жетекші әнді орындап береді және балалардан сол әнге байланысты суретті таңдап көрсетулерін өтінеді. Бала неге сол суретті таңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, әннің не туралы айтылып тұрғанын айтып береді.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Музыка сипатына сай қимылдау іскерліктерін дамыту, әуенді ойын әрекеттерін сахналауға, хормен ән айтуға дағдыландыру..	**Ән айту:** « Әжетайым» Қимылды жаттығу: «Сергіткіш»	Бауырсақ кіммен кездесті? Музыка жетекшісі «Бауырсақ» ертегісін және сол ертегінің кейіпкерлерін естеріне түсірулерін сұрайды. (қасқыр, түлкі, аю, қоян). Музыка жетекшісі осы аңдарға

			байланысты музыкаларды, мысалы аюдың музыкасын, төменгі регистрдан, ал қоянның музыкасын жоғарғы регистрдан ойнайды.
6.03.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:** Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік дағдыларын түсіну. Әнді дауысқа күш түсірмей, айқайламай, табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру.	Ән айту: «Анашым» Музыкалық ырғақты – қимыл: «Гүлдер» биі	«Теңіз» Балаларға үнтаспадан теңіздің дыбы қосылған әуенді естірту. Әуенді тыңдап болғасын, балалар әуеннің мінез құлқын айтып өз ойларымен бөліседі. Әуенде толқын бірде ақырын, бірде қатты, бірде жәй естіледі.. Содан соң музыка жетекшісі балалды картинкада көрсетілген теңіздің әр түрлі толқынымен таныстырады
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:** Әуенге эмоциялық үн қосуға, сюжетті-рөлді ойындарға белсене қатысуға, ырғақты ажырата білуге дағдыландыру	Ән айту: «Домбырасыз сән қайда» Тыңдау: «Қамажай» (қазақ халық әні) Музыкалық ырғақты – қимыл: «Қамажай	**«Кім тез жинайды.»Ойын шарты:** Тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер салынады
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:** Музыканы тыңдауға, ілесе айтуға шақыру, би ырғақтарын жасауға талпындыру. Ән сөздері мен жеке буындарын толық айтуға талпындыру.	**Ән айту: «**Әжемнің шәйі» Музыкалық ырғақты қимыл: «Жаңбыр»	**«Қоянға көмектес.»Ойын шарты**: Балалар бізге қонаққа қоян келді, ол бізбен бірге ойнағысы келеді. Балалар көздеріңді жұмыңдар, ал қоян бұл кезде көкөністердің қасына сандарды қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай санның тұрғанын айтып берулерің керек. Тапқан

			баланың еңбегі бағаланып отырады.
10.03.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:** Музыканы тыңдауға, ілесе айтуға шақыру, би ырғақтарын жасауға талпындыру. Үлкендердің қамқорлығын сезіну, іс-қимылына еліктеу	**Ән тыңдау: «**Қанатты құстар» Би: «Гүлдер» биі	**Тез жауап бер.»** Балалар шеңберде тұрады, допты кім қағып алады сол бала заттың аты мен түсін айтып допты келесі балаға лақтырады. «Жасыл»- жапырақ, «көк»- аспан, «сары»- күн, «қызыл»- гүл, «ағаш»- отырғыш, «тас»- үй, «темір»- қасық т. б. Ойынды үйренгесін тапсырманы күрделендіруге болады. Бір сөзбен жауап бермей екі,үш сөзбен жауап беруге болады.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:** Өз-өзіне қызмет етуге, ұжымдық әрекетке баулу. Балалардың билей жүріп әндету, ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру.	**Ән тыңдау:** «Гүлдерайым» халық әні Би: «Шөжелерім»	**Дыбыстар қайда орналасқан».** Үш сандықша жасалынады.Бірінші сандықшада дауысты дыбыс басында, екінші дауысты дыбыс ортасында, үшінші дауысты дыбыс аяғында көрсетілген. Балаларға жазылған сөздер үлестіріліп береді. Дауысты дыбыстар сөздің қай жерінде кездеседі сол сөзді сандықшаларға салады.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты**: Музыка сүйемелдеуімен ырғаққа сәйкес нақты қимылдар жасау. Жақсы әдетке, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеу	**Ән айту: «**Наурыз думан» Ән тыңдау: «Ақ мамам»	**«Кім тез жинайды?»**Себеттің сыртында жапсырылуы тұрған көкініс пен жемістер бойынша жемістер мен көкіністерді себетке жинау
13.03.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Музыканың динамикалық түрлерін ажырату,әр түрлі жанрлар (марш,полька6	**Ән айту:** « Ақ мамам»	**Қателеспе»** Спорттың бір түрі бейнеленген суретті кім бірінші табады, сол

	вальс) түсініктерімен танысу.Би элементтерін музыканің бояуымен сезініп жасау.	Ән тыңдау: «Әке ана» Би: « Қолшатырмен саяхат»	ойынның жеңімпазы болады.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:** Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғағын, тембірлік, динамикалық есту қабілетін дамыту.Әр түрлі жанрларға түсінік беру.	**Ән айту: «**Балдырғандар» Әуен тыңдау: « Әлқисса» күйі	**«Дүкенші»** Тәрбиеші дүкенші болып ойнайды.Балалар сатып аоушы борлады.Балаларға заттың түсін және қай жерде қолданылатынын білгізу.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету.Әннің ширақ,сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету.Балалардың есте сақтау қабілетін арттыру.	**Ән айту: «**Балдырғандар» Әуен тыңдау: «Әлқисса» күйі Би: «Павлиндер» биі	**«Дүкенші»**Тәрбиеші дүкенші болып ойнайды.Балалар сатып аоушы борлады.Балаларға заттың түсін және қай жерде қолданылатынын білгізу.
14.03.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Әуенді соңына дейін тыңдауға,таныс әуендерді ажырата білуге,әнді жеңіл айтуға үйрету. Әуеннің ауыспалы сипатын беруге, табиғат құбылысын музыкамен байланыстыра білуге үйрету. Дикцияның тазалығына, әнді анық айтуға дағдыландыру	**Ән тыңдау:** « Көктем» Би: «Пішіндер»	**«Үй жануарлары мен төлдері** Үй жануарларының төлдерін айыра білу
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай қимыл жаттығулар жасау.	**Ән тыңдау: «**Саржайлау» Би: «Домбыра»	**«Кім тез жинайды?»**Себеттің сыртында жапсырылуы тұрған көкініс пен жемістер бойынша жемістер мен көкіністерді себетке жинау
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге	**Ән тыңдау:** «Тойбазар» Би: «Қазақ батыры»	***«Кім тез жинайды?»*** Себеттің сыртында жапсырылуы тұрған көкініс пен жемістер бойынша жемістер мен көкіністерді

	үйретуді жалғастыру.Таныс шығармаларды ажырата білуге, есте сақтауға дағдыландыру.Балаларға арналған аспаптарды меңгеруге дағдыландыру.		себетке жинау
15.03.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Музыканы тыңдауды, музыканы көңілді көңілсіз, жуан жіңішке түрлерін ажырата білуге баулу, дауыс ырғағына сай жаттығулар жасауды үйрету.	**Ән айту: «**Наурызым» Әуен тыңдау: « Қосбасар» күйі	**«Сиқырлы сандық»** Тәрбиеші әдемі сиқырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (Бота, құлыншақ, аю, мысық, машина).Балалар ойыншықтар арқылы сөйлемдер құрап береді.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Музыканы есту қабілетін дамыту, әнді орындаушылық қабілетін ояту, әуенді сезіну, ырғақты ажырата білуге үйрету.	**Ән айту: «**Мен әдепті баламын» Би: « Шұғыла»	**«Үй жануарлары мен төлдері»**Үй жануарларының төлдерін айыра білу
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге баулу.	**Ән айту: «**Ортеке» Би: «Джентльмендер» биі	**«Кім тез жинайды?»**Себеттің сыртында жапсырылуы тұрған көкініс пен жемістер бойынша жемістер мен көкіністерді себетке жинау
16.03.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру. Мерекелік көңіл күй сыйлай білуге үйрету.	**Ән тыңдау: «**Самұрық» Қимылды жаттығу: «Денім сау болсын десең»	**Жол белгілерін қою»** Балаларға көше макетін мұқият қарау ұсынылады.Сосын қай жерге қандай белгі қою керектігін айтқыза отырып, жол белгілерін қою

	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету.Нәзік,сабырлы, көңілді де ойнақы, көңілсіз. Әнді сезіне айтуға үйрету.	**Ән тыңдау: «**Жеті қазына» Қимылды жаттығу: «Денім сау болсын десең»	**«Кім тез жинайды?»** Себеттің сыртында жапсырылуы тұрған көкініс пен жемістер бойынша жемістер мен көкіністерді себетке жинау
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету.Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту.	**Ән тыңдау: «** Жеті қазына» Қимылды жаттығу: «Денім сау болсын десең»	**«Үй жануарлары мен төлдері»** Үй жануарларының төлдерін айыра білу
17.03.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:** Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстары ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, есту қабілетін дамыту.	**Ән айту: «**Жау, жау, жаңбыр» Би: « Қолшатыр» биі	**Қателеспе»** Спорттың бір түрі бейнеленген суретті кім бірінші табады, сол ойынның жеңімпазы болады.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Музыкаға қызығушылығын арттыру, түрлі сипаттағыәндкрді орындауға үйрету.Музыкалық фразалар арасында тыныс алуға, әуенге сәйкес би жанрларын ажырата баулу.Би қимылдарын ауыстыра білуге үйрету.	**Ән айту: «** Көктемгі жауын» Би: «Сирень гүлдер»	**«Кім тез жинайды?»** Себеттің сыртында жапсырылуы тұрған көкініс пен жемістер бойынша жемістер мен көкіністерді себетке жинау
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Әуеннің түрлі бөлімдерін ажырата	**Ән айту: «** Жеті қазына»	**«Сиқырлы сандық»**

	білуге, дыбыс биіктігі мен тембірін ажыратуға дағдыландыру, күйді тыңдап, сезіне білуге баулу.Әуенге сай би қимылдарын ауыстыра білуге баулу.	Би: « Заманауи би» Қмылды жаттығу: «Он саусақ»	Тәрбиеші әдемі сиқырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (Бота, құлыншақ, аю, мысық, машина).Балалар ойыншықтар арқылы сөйлемдер құрап береді.
20.03.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Шығарманы зейін қойып тыңдауға, аспап дыбыстарын ажыратуға, ырғақпен ойнай білуге дағдыландыру. Оркестр туралы мағлұмат беріп, аспаптарда ойнау тәсілін үйрету.	**Ән тыңдау: «**Ақ бұлақ» Музыкалық ырғақты қимыл: «Бақалар»	**«Дүкенші»** Тәрбиеші дүкенші болып ойнайды.Балалар сатып аоушы борлады.Балаларға заттың түсін және қай жерде қолданылатынын білгізу.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Әнді сезіне біліп, тыңдай білуге, ән мазмұнын әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру.Еліне , туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.	**Ән тыңдау: «**Туған жер» Би: «Қауырсын» биі	**«Үй жануарлары мен төлдері»** Үй жануарларының төлдерін айыра білу
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Тыңдау ынтасын тәрбиелеу, ширақ және сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсету, төмен және жоғары дыбыстарды есту.	**Ән айту: «** Наурыз думан» Ән тыңдау: « Жеті қазына»	**«Кім тез жинайды?»**Себеттің сыртында жапсырылуы тұрған көкініс пен жемістер бойынша жемістер мен көкіністерді себетке жинау
24.03.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы**	**Би: «**Ертегілер әлемінде»	**"Құрсау- құрсау"** ойынын ойнайды. Шеңбер жасап үйренуге талпынуы керек.

	Мақсаты:Музыкалық театр арқылы әндерді, би қимылдарын еркін орындауға үйрету,көңілді мереке сыйлау.Музыкалық шығарманың мазмұнын түсініп, ажыратып, тани білуге талпындыру.	Әуен тыңдау: «Бесік жыры» Дауыс жаттығулары: «Ноталар»	Әннің тәтіні бойынша шеңберді кішірейтіп, үлкейтіп, отырып қимылдар жасауы керек.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Әнді көңілді , ынталы жеткізуге талпындыру.Ән арқылы қуана білуге үйрету.Қазіргі би ырғақтарына төселдіру.Музыканың динамикалық түрлерін ажырату.	**Би: «**Испан биі» Дауыс жаттығулары: «Секірмелі дыбыстар»	Ойын: «Кешікпе» (орыс халық әуені). Әуенге ілесіп балалар әр бағытта жүгіреді.Әуен өзгергенде орындарында тұрып алақандарын шапалақтайды.Соңғы аккорд берілгенде тұрған жерінде отыра қалады.Кім соңында қалса,сол бала айыбын өтеп,өнер көрсетеді
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Музыканы есте сақтау, сезіне білу, таныс әнді тану қабілеттерін дамыту.Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру.Би элементтерін музыка бояуымен сезініп жасау.	**Ән тыңдау: «**Шымшық» Би: «Жігіттер» биі Қимылды жаттығулар: «Шырмауық»	Ойын: «Кешікпе» (орыс халық әуені). Әуенге ілесіп балалар әр бағытта жүгіреді.Әуен өзгергенде орындарында тұрып алақандарын шапалақтайды.Соңғы аккорд берілгенде тұрған жерінде отыра қалады.Кім соңында қалса,сол бала айыбын өтеп,өнер көрсетеді
27.03.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембірлік, динамикалық есту қабілеттерін дамыту.Әр түрлі жанрлар түсінігін қалыптастыру.	**Ән айту: «** Көктемнің шуағында» Музыкалық ырғақты қимыл: «Барабан»	**«Кім тез жинайды?»**Себеттің сыртында жапсырылуы тұрған көкініс пен жемістер бойынша жемістер мен көкіністерді себетке жинау
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету.Балаларға арналған аспаптарды машықтандыру, бір қалыпты ритмді ұстауды үйрету.	**Ән айту: «**Гүлдер саябағында» Музыкалық ырғақты қимыл: «Эмоциялы бейне»	**Дыбыстар қайда орналасқан».**Үш сандықша жасалынады.Бірінші сандықшада дауысты дыбыс басында, екінші дауысты дыбыс ортасында, үшінші дауысты дыбыс аяғында көрсетілген. Балаларға жазылған сөздер

			үлестіріліп береді. Дауысты дыбыстар сөздің қай жерінде кездеседі сол сөзді сандықшаларға салады.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Музыканың динамикалық және қарқынды өзгерістерін сезіне білуге баулу.Шығарманы аяғына дейңн тыңдауға, әуен сипатын анықтай білуге баулу.Әуенді ойын әрекеттеріне талпындыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау.	**Ән айту: «**Гүлдер саябағында» Музыкалық ырғақты қимыл: «Он саусақ»	**Қателеспе»** Спорттың бір түрі бейнеленген суретті кім бірінші табады, сол ойынның жеңімпазы болады.
28.03.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Балалалрдың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы әуендерді ажырата білуге баулу.Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтықтарын білу.	**Ән тыңдау: «**Туған жер» Би: «Өзбекше би»	**«Сиқырлы сандық»** Тәрбиеші әдемі сиқырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (Бота, құлыншақ, аю, мысық, машина).Балалар ойыншықтар арқылы сөйлемдер құрап береді.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Дауыстың табиғи таза шығуына әнді мәнерлі орындау шеберлігін дамыту.Музыка арқылы балалардың эмоциясын шығару.Балалардың есту қабілеттерін дамыту.	**Ән тыңдау: «**Мен дәрігер боламын» Би: « Қызғалдақтар»	**«Дүкенші»**Тәрбиеші дүкенші болып ойнайды.Балалар сатып аоушы борлады.Балаларға заттың түсін және қай жерде қолданылатынын білгізу.

	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:**Музыканың шығармашылық сипатын ажырату.Әнді көңілді шаттықпен орындау.Сюжетті рольді ойындарға белсене қатысуға тәрбиелеу.Балалардың музыкаға деген қызығушылықтарын ояту.	**Ән тыңдау: «**Етікші атай» Би: «Үкілі қыз» Дауыс жаттығулары: « Сөздік»	**Жол белгілерін қою»** Балаларға көше макетін мұқият қарау ұсынылады.Сосын қай жерге қандай белгі қою керектігін айтқыза отырып, жол белгілерін қою
29.03.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Музыкаға әсерлену, динамикалық, ырғақтық , есту қабілеттерін ояту.Музыкалық фразалар арасында дурыс тыныс алуды үйрету, әуенге сәйкес би қимылдарымен қимылдау.	**Ән айту: «**Қарлығаш» Музыкалық ырғақты қимыл: «Роботтар»	**«Үй жануарлары мен төлдері»** Үй жануарларының төлдерін айыра білу
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Шығармалардағы бейнелерді тануға үйрету. Әннің сөздерін дұрыс жеткізе білуге баулу.Ұлттық билерді қазіргі би ырғақтарын еркін орындап, өз варианттарын ойлап табуға қызықтыру.	**Ән айту: «**Әкем әнім» Музыкалық ырғақты қимыл: «Сиқыр» Би: «Бипыл»	**"Құрсау- құрсау"** ойынын ойнайды. Шеңбер жасап үйренуге талпынуы керек. Әннің тәтіні бойынша шеңберді кішірейтіп, үлкейтіп, отырып қимылдар жасауы керек.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:** Әнді көңілді , ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.Балалардың есту, есте сақтау қабілеттерін арттыру.Дауыс жаттығуларына арналған сергіту сәттерімен жұмыс жасау.	**Ән айту: «**Ана» Қимылды жаттығулар: «Толағай»	**"Құрсау- құрсау"** ойынын ойнайды. Шеңбер жасап үйренуге талпынуы керек. Әннің тәтіні бойынша шеңберді кішірейтіп, үлкейтіп, отырып қимылдар жасауы керек.
30.03.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:**Музыканы тыңдата отырып, ішкі	**Би: «**Түрікше» биі	**Дыбыстар қайда орналасқан».**Үш сандықша жасалынады.Бірінші сандықшада дауысты дыбыс басында,

	сезімін ояту.Дыбыстарды бірте бірте көтеру.Қимылдарды ілесе қайталау.Музыканың биіктігін, өзіне таныс әндерді ажырата білуге дағдыландыру.	Ән тыңдау: «Маусымжан» Дауыс жаттығулары: « Секіртпелі ноталар»	екінші дауысты дыбыс ортасында, үшінші дауысты дыбыс аяғында көрсетілген. Балаларға жазылған сөздер үлестіріліп береді. Дауысты дыбыстар сөздің қай жерінде кездеседі сол сөзді сандықшаларға салады.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:**Музыкадағы дыбыс жоғарылығын,ырғақтық мәнерлігін түсініп ажырату. Музыка Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауды, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету	**Би: «** Кесе» Ән тыңдау: « Желсіз түнде жарық ай» Дауыс жаттығулары: « уй жануарлары»	**Қателеспе»**Спорттың бір түрі бейнеленген суретті кім бірінші табады, сол ойынның жеңімпазы болады.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:** Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу. Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылығын дамыту. Меңгерген дағдыларын бекіту	**Би: «**Орамал» Ән тыңдау: «Желсіз түнде жарық ай» Дауыс жаттығулары: «Үй жануарлары»	**«Дүкенші»**Тәрбиеші дүкенші болып ойнайды.Балалар сатып аоушы борлады.Балаларға заттың түсін және қай жерде қолданылатынын білгізу.
31.03.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:** Ансамбльде, ән айтуға, өлеңді бір мезгілде бастап, қатар аяқтауға, музыкалық фразалардың арасында дем алуға үйрету, эмоционалдық ықыластықты тәрбиелеу	**Дауыс жаттығулары: «** Көңілді ноталар» Ән айту: «Ақ көбелек»	**«Үй жануарлары мен төлдері»** Үй жануарларының төлдерін айыра білу
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:** Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру	**Дауыс жаттығулары: «** Жоғары-төмен» Ән айту: «Гүлдер саябағында»	**Жол белгілерін қою»** Балаларға көше макетін мұқият қарау ұсынылады.Сосын қай жерге қандай

			белгі қою керектігін айтқыза отырып, жол белгілерін қою
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:** Шығарманы аяғына дейін тыңдауға, әуен сипатын анықтай білуге баулу. Аспаптарда еркін ойнап, игеруге үйрету. Әуенді ойын әрекеттеріне талпындыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау	**Дауыс жаттығулары: «**Баспалдақ» Ән айту: «Құлыншақ»	**«Сиқырлы сандық»** Тәрбиеші әдемі сиқырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (Бота, құлыншақ, аю, мысық, машина).Балалар ойыншықтар арқылы сөйлемдер құрап береді.

Сәуір айы

	Топтың аты, оқу-Іс-әрекетінің мақсаты	Музыкалық – қимылды жаттығу, тыңдау, дауыс жаттығуы, ән айту	Музыкалық - дидактикалық ойын
3.04.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:** Баланың жас ерекшеліктерін, мүмкіншіліктерін ескеріп, репертуарды біртіндеп түрлендіру. Әнмен, музыкалық әуенді тыңдау, түсіну, орындаушылық қабілетін қалыптастыру.	**Ән айту:** « Қошақаным» **Би: «**Сирень гүлдер»	**Логикалық ойын:** «Не жасырылғанын тап?» М/ты: Зейінін тұрақтандыру, жасырынған ойыншықты атай білуге баулу
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:** Түрлі сипаттағы (көңілді, көңілсіз, жылдам, баяу) музыкалық шығарманы қабылдауға үйрету. Музыкалық шығарманы аяғына дейін тыңдау, шығарманың бөлімін ажырату, музыканың сипатын анықтау іскерлігін дамыту. Әнде не туралы айтылғанын әңгімелеу, іскерлігін дамыту.	**Ән айту: «** Менің әжем» **Би: «** Күшіктер» биі	«Ұшты-ұшты» Мақсаты:Ненің ұшатының, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:** Түрлі сипаттағы (көңілді, көңілсіз, жылдам, баяу) музыкалық шығарманы қабылдауға үйрету. Музыкалық шығарманы аяғына дейін тыңдау, шығарманың бөлімін ажырату, музыканың сипатын анықтау іскерлігін дамыту. Әнде не туралы айтылғанын әңгімелеу, іскерлігін дамыту.	**Ән айту: «**Жеті қазына» **Би: «** Қамажай» биі	«Көгілдір добым, о менің» Дене қимылдарын шынықтыру, белгі бойынша іс- қимылдарын ауыстыра білуге жаттықтыру.

4.04.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:** Жеке және хормен ән айту, дыбысталуын созып, дауыс ырғағын таза келтіріп айту дағдыларын қалыптастыру. Бір қарқында (жылдам-баяу) бірдей дыбыстау күшімен (қатты-ақырын) ән айтуға үйрету	**Ән тыңдау: «**Домбырасыз ән қайда?» **Музыкалық ырғақты қимыл:** « Қос аяқпен»	**«Қоянға көмектес.»** **Ойын мақсаты**: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үрету.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:** Түрлі сипаттағы әндерді орындауды қолдану, секірмелі және әдемі сазды қарқынмен дауысты бере білуге үйрету.	**Ән тыңдау: «** Керім айдай» **Музыкалық ырғақты қимыл: «** Перовский марш»	**«Жер, су, ауа, от.»** **Ойын мақсаты**: Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:** Түрлі сипаттағы әндерді орындауды қолдану, секірмелі және әдемі сазды қарқынмен дауысты бере білуге үйрету.	**Ән тыңдау: «** Керім айдай» **Музыкалық ырғақты қимыл: «**Перовский марш»	**«Дыбыстар қайда орналасқан».** **Ойын мақсаты**: Дауысты дыбыстарды ажырата білуге үйрету.
5.04.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:** Табиғи дауыспен ән салуға, күшенбей, сөзі мен дыбысты таза және анық, кіріспе музыкадан кейін әнді бастауға, музыкалық сөздің арасында тыныс алуға, әнді бір уақытта бастап аяқтауға, сазды дұрыс бере білуге, әннің аяғын саздылық етуге үйрету.	**Дауыс жаттығулары: «**Ноталы баспалдақ» **Ән айту: «**Мен дәрігер боламын»	**«Көкіністер мен жемістер»** **Мақсаты:** Жемістермен, көкіністерді айыра білуге, атай білуге үйрету.Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, жылдамдыққа

			үйрету.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:** Музыканың түрлі бөлектерін: ән бастамасы, қайырмасы ажыратуға үйрету. Би қимылдарын, музыкалық ойын әрекеттерін орындауға талпындыру.	**Дауыс жаттығулары:** « Ноталар» **Ән айту: «** Ақ көгершін»	**«Нені қайдан алуға болады?»** **Мақсаты:** Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:** Музыканың түрлі бөлектерін: ән бастамасы, қайырмасы ажыратуға үйрету. Би қимылдарын, музыкалық ойын әрекеттерін орындауға талпындыру.	**Дауыс жаттығулары: «**Ноталар» **Ән айту: «**Мен боксшы боламын»	**«Ненің төлі жоқ?»** **Мақсаты:** Үй жануарларын ажырата білуге, оларды төлдерін ажырата білуге, жануарларды күте білуге, қамқорлыққа ала білуге тәрбиелеу.
6.04.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:** Музыка Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауды, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету	**Ән тыңдау: «** Екі жирен» **Би: «** Кесе» қыздар биі **Ырғақты қимыл жаттығулар:** «Бойыңды түзе»	**«Шектес сандарды ата».** **Мақсаты:** Балаларға ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, ойлау

			қабілеттерін дамыту.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:** Музыка Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға, есте сақтауға, әнді сергек, ширақ, әндете, айтуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету	**Ән тыңдау: «** Алатау» **Би: «** Шөжелер» биін қайталау **Ырғақты қимыл жаттығулары:** «Қоңырау»	**«Қажетті сөзді тап».** **Мақсаты:** Тапқырлыққа, ойланып жауап беруге, сықақ сезімін дамыту
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:** Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру	**Ән тыңдау: «**Саржайлау» **Би: «**Гүлдер» биін қайталау **Ырғақты қимыл жаттығулар:** «Көбелектер»	**«Сыңарын тап»** **Мақсаты:** Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту.Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету.Ойынға қызығушылықтарын арттыру.Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
7.04.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:** Музыка Аспаптық пьесалардың қарама-қарсы әуендерін қабылдауға, әнді таза, түсінікті, көңілді айтуға, музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету	**Ән айту: «** Топ топ балақан» Би : « Сегіз қоян»	**« Қателеспе»** **Мақсаты:** Спорт түрлерін анықтауға және білімдерін бекітуге жаттықтыру.Спортпен шұғылдануға деген талабыне арттыру.

	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:** Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.	**Ән айту: «** Бала бала балақан» Ырғақты қимылды жаттығу: « Кос аяқ»	**«Кім тез жинайды?»** **Мақсаты:** Көкіністер мен жемістерді айыра білуге, топқа бөле білуге, шапшаңдыққа баулу; тәрбиешіні тыңдай білуге тәрбиелеу.
	Ортаңғы «Балсая» тобы **Мақсаты:** Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп айтқызу.	**Ән айту: «**Бала, бала, баламыз» Ән тыңдау: « Көк шолақ»	**«Экологиялық бағдаршам»** **Мақсаты:** Балаларды табиғат сұлулығын көріп, сезіне білуге, оны қорғай білуге тәрбиелеу.Табиғатқа деген сүйіспеншілігін сақал-мәтел, тақпақтар, тиым сөздер арқылы білімдерін алттыру.
10.04.2023	**Ересек «Балдәурен» тобы** **Мақсаты:** Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әр түрлі жанрлар түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау	Ән тыңдау: «Бесік жыры» Муз-ырғақты қимыл «Бала уату»	**«Қасқыр мен көжек»** Музыканы тыңдай отырып, әр аңдарға тән музыканы ажырата білу. Жеңіл, көңілді көжектер қаһарлы да ашулы қасқыр музыкасы естілісімен қашуға дайын болу.
	Ортаңғы «Балауса» тобы **Мақсаты:** Ән салуға, билеуге, ойнауға	Ән тыңдау: «Біздің балабақшамыз»	Дидактикалық ойын «Айтшы қандай?»

